

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PPOD7132>

**\*Г. А. Абылкасимова**

Әлихан Бөкейхан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

\*e-mail: [gakku.aa@mail.ru](mailto:gakku.aa@mail.ru)

## **ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ НАРРАТИВТІК ИДЕЯ**

*Әдебиеттану саласындағы «нарратология» бағытын зерттеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әдеби көркем шығармада баяндау тәсілі сюжет арқылы берілетіндіктен, проза жанрына нарративті талдау жүргізу әдісі жиі қолданылады. Поэзияның құрылымы прозадан ерекшеленетіндіктен, автор нарратив бағытының поэзиямен байланысын айқындауды мақсат еткен.*

*Мақалада автор ғылыми терминнің пайда болу және даму кезеңін теориялық тұжырымдарға сүйене отырып жүйелеп, нарративтің негізгі категорияларын баяндау типологиясына негіздеген.*

*Мақалада нарратология ғылымына берілген анықтамалар мен тұжырымдар жинақталынып, поэзия жанрында нарративтік идеяны танудың әртүрлі тәсілдері көрсетілген.*

*Ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов поэзиясындағы нарративтік идеяларды тануда қолдануға болатын жүйе ұсынылған. Өлең мәтініндегі нарративтік идея мен құрылымдық ерекшеліктердің логикалық байланысына баса назар аударылған. Ақынның поэзиясынан мысалдар келтіріп, талдаулар жасалған.*

*Қорытынды бөлімде автор «нарратив – нарратор мен баяндалатын әлем арасындағы делдал болып табылады, яғни баяндау мәні арқылы туындының шындығын пайымдауға әкеледі» деген тұжырымға келеді.*

*Зерттеу нәтижелерін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы» салалары бойынша зерттеулерде қолдануға болады.*

*Кілтті сөздер: нарратив, нарративтік идея, нарратор, сюжет, фабула, поэзия, өлең құрылысы, ақын.*

## Кіріспе

«Нарратив» ұғымы – әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, биология, медицина, жаратылыстану, журналистика және т.б. салаларда кеңінен қолданылып келе жатқан кең түсініктегі термин. Ол баяндау мәтінінің теориясын зерттейді. Ғалымдар бұл терминнің шығу тарихын историографиямен байланыстырады. Тарихи оқиғаларды сюжетті әңгіме негізінде қарастыратын «нарративтік тарих» концепциясы негізінде пайда болған деген ғылыми болжамдар бар [1]. Демек, тарихи оқиғаларды ретімен баяндау емес, оқиғаға арқау болған тарихилықты жеткізе білу. Нарратология ұғымы қазіргі әдебиеттануда ғалымдардың ерекше қызығушылығына ие. Әсіресе көркем әдебиеттегі нарративтік идеяны тану – өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағытқа қызығушылық танытушылардың қатары В. Шмидтің 2003 жылы жарық көрген «Нарратология» еңбегінен соң арта түсті. Зерттеушілер атап өткендей, нарратология ғылымының дамуына көптеген ғалымдардың баяндау теориясы шеңберіндегі жұмыстары әсер еткен. Бұл тұрғыдан ресейлік ғалымдар: В. Пропп, В. Шкловский, Б. Эйхенбаум, М. Бахтин, англо-американдық ғалымдар: П. Лаббок, Н. Фридман және неміс ғалымдары: Ф. Штанцель, Э. Лейбфрид, В. Фюгер еңбектерін атап өтуге болады. Терминнің заманауи анықтамалары орыс формалистерінен бастау алады. В. Шкловский, Б. Эйхенбаум, Б. Томашевский әңгімедегі фабула мен сюжетті ажыратып көрсете білді. Б.Томашевскийдің айтуынша, сюжет хронологиялық тұрғыдан өзара байланысты оқиғалардың жиынтығы болса, фабула – сюжетке қарама-қайшы, олар шығармада қалай хабарланса, солай беріледі [2, 84-б.]. Неміс теориясында нарратология емес, әңгімелеу теориясы деп аталған.

«Нарратология» ұғымының аудармасын ғалымдар түрліше қолданған. Мысалы, П. Рикер «Уақыт және әңгіме» еңбегінде «Нарратив» ұғымын «әңгімелеу» немесе «әңгіме мәтіні» деген мағынада қолданса, Р. Барт «әңгімелеу мәтіндерін құрылымдық талдауға кіріспе» деп және Жерар Женет «әңгімелеу дискурсы» деп қолданған. Неміс тіліндегі «*гeсiт*» сөзі жоғарыдағы үш жерде де ағылшын тіліне «нарратив» болып аударылады. Соңғы жарты ғасырда ағылшынтілді әдебиеттанушылар «нарратив» терминінің зат есім және сын есім ретінде қолданылуына бар күшін салды. Орыс тіліндегі «нарратив», «нарративный» сөздері 1960 жылы Цветан Тодоровтың бастамасымен «нарратив» атауын алып, барлық шет тілдеріне гуманитарлық, әлеуметтік, философия салаларында қолданысқа еніп, халықаралық терминге айналды.

Әдебиеттану ғылымындағы «нарратив» ұғымы нені зерттейді? Оның прозадағы және поэзиядағы көріністерін қалай ажыратуға болады? Поэзия жанрындағы нарративтік идеяларды қандай принциптерге сүйене отырып

анықтаймыз? Бұл – бүгінгі күннің терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелерінің бірі.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада материалдарды жинақтау, анализ, синтез, индукция, дедукция әдістері қолданылды.

Баяндау мәтіндерінің элементтері, деңгейлері, құрылымы және заңдылықтары XX ғасырдың басындағы әдебиеттану саласының басты мәселелерінің біріне айналды, сөйтіп жаңа термин мәселелер мен категориялар шеңберінде біртіндеп әдебиеттану ғылымына енді. Нарратив ұғымы XX ғасырдың соңынан бастап тек әдебиеттану ғана емес, барлық гуманитарлық ғылымдар саласына енді. Бұл құбылыс баяндау теориясының өз пәнінің шеңберінен тыс шығуымен байланысты. Процесті 1992 жылы М. Крейсморт «баяндау бұрылысы» деп атады, ал 1985 жылы В. Фишер «баяндау парадигмасына» айналдырды, онда кез келген байланыс процесі баяндау формасы ретінде қарастырылады. Әр саладағы нарратив бұл – өмірлік тәжірибені құрылымдау және ұсыну тәсілі [3, 135-б.].

Дамудың жүз жылдан артық тарихын бастан кешкенімен, «нарратология» ғылымы Отандық ғылыми зерттеулерде 90 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басынан қарқын алуда. Бұған төмендегі көрсеткіштер айғақ бола алады. Т. В. Матвеева «Лингвистикалық терминдердің толық сөздігінде» «Нарратив» – бұрын болған оқиға туралы әңгіме» деп анықтама берсе, Крис Балдик «Оксфордтың қысқаша әдеби сөздігі» еңбегінде: «шынайы немесе ойдан шығарылған оқиғаға баяндамашының оқиғаны зерттей отырып берген хабарламасы» деп анықтама береді [4, 56-б.] В. И. Тютінің «Поэтика. Өзекті терминдер мен ұғымдардың сөздігі» еңбегінде нарратив – «семантикалық сюжетті мазмұндап, баяндап айту» деп анықталған.

«Нарратология» терминімен бірге «нарративтілік», «нарратор» терминдері қатар қолданылады. Әдебиеттануға кіріспеді нарративтілік екі түрлі ұғымда қарастырылады. Біріншісі – әңгімелеудің классикалық теориясында пайда болған суреттеу терминіне қарама-қарсы ұғым. Нарратив туралы екінші түсінік – құрылымдық нарратология тұжырымдамасы бойынша, әңгімелеудің коммуникацияның құрылымдық белгісі. Ол тарихи оқиғаларды бейнелеп, мәтіннің нақты құрылымын мазмұндайды. Мәтіндегі оқиғаны баяндаушы адам әңгімелеуші (нарратор) болып саналады. Нарратордың қатысуымен әңгімелеудің ерекшелігі анықталады. Оқиға жағдайындағы кейіпкердің ішкі толғанысы, жағдайы байқалады.

Нарратология ғылымының бастауында тұрған ғалымдар өзінің зерттеу ісіне тек көркем әдебиеттің эпикалық шығармаларын ғана емес, барлық саланы қамтыды. Іс жүзінде өздерін нарратологтер деп атаған зерттеушілер «әдебиеттанушылар» деген атпен қала берді [5].

## Нәтижелер мен талқылау

«Нарратология» «сюжет» ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады. Сюжет айтылатын оқиғаның қаңқасында орналасады және осыған байланысты қатаң құрылымға ие. Ал нарратив сюжеттің айналасында құрылады, оның арқасында біз сюжетке басқа көзқараспен және пайымдаумен қарай аламыз. Нарратив сөзінің мағынасы әлдеқайда кең және тек сюжеттермен шектелмейді. Әлеуметтік ғылымдардағы сұхбат, әдеби шығармалар, психотерапиялық сеанстардағы пациенттердің әңгімелері, куәгерлердің айғақтары, некрологтер, жарнамалық мәтіндер, теледидар жаңалықтары, ән мәтіндері, анекдоттар т. б. кез келген баяндауды білдіретін эмпирикалық деректері бар баяндау формасын нарративтік мәтінге жатқызуға болады. «Нарратив» ұғымының өлшемі болып табылатын композиция, сюжет, фабула, нарратор ұғымдары – әдебиеттануға ортақ терминдер. Біріншіден, кез келген поэзия прозадан жанрлық спецификасымен ерекшеленеді. Бірақ композиция формальды бөлшектену және бөлшектердің бірегей реттілігі болып табылатындықтан, кез келген мәтінге баяндау талдауын қолдануға негіз бола алады. «Наррация» – бұл болмыстың оқиғаларын эпизодтау десек, поэтикалық мәтіннің композициялық сегментациясы жанрмен қатаң түрде белгіленеді және оның барлық деңгейлерінде, тіпті дыбыстық-интонациядан синтаксиске дейін жүзеге асырылады. Американдық нарратолог Б. Макхейл, М. Ю. Лотманның пікірін қайталай отырып, поэзиядағы нарративтік идеяны қалыптастырудың анықтаушысы – метризация деп санайды. Американдық зерттеушілер өлең мен нарративті байланыстырушы категория деп есептейді және сегментация көрінісі ретінде өлеңнің өлшемдерін атайды [6, 12-б.].

Поэзиядағы нарративтік идеяны танудың тағы бір шарты – әртүрлі деңгейдегі сегменттерде, буын, бунақ, тармақ, шумақтарда негізгі ойдың және идеяның сақталып тұруы. Демек, өлең ұйқасқа ғана құрылып, негізгі идея шашырап жатпауы тиіс. Өлеңдегі нарративтік идеяның біртұтастығының тағы бір ерекшелігі – өлеңнің ырғақтық ерекшелігінде. Бірақ поэзиядағы нарративтік идея мен құрылысын бірізділікке салады.

Нарратология поэзияға аз көңіл бөледі. Негізгі кедергілердің бірі – поэзияда баяндалатын оқиғаның болмауы деп есептелуі.

Поэзияға нарративтік талдау жасау мәтін құрылымын бөлшектеп бөлуді қажет етеді. Күрделісі сол, кез келген автор шығарманың басы мен соңын көрсететін сөздер қолдана бермейді. П. Лабовтың пікірінше, нарративті танудың алты құрылымдық элементі бар:

- Алдын ала баяндау ісіне қысқаша кіріспе;
- Оқиға орнының, уақыттың, әрекеттің, кейіпкерлердің болуы;
- Оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыс;
- Оқиғаға баяндаушының көзқарасы;

- Мәселелік жағдайды шешу;
- Әңгіме басталған уақытқа оралу [7, 67-б.].

Поэтикалық нарратив немесе поэзиядағы нарратив бүгінгі әдебиеттануда постмодернистік ағым шығармаларына тән деп есептелінеді. Уольф Шмид поэзия тіліндегі нарративтің бірқатар критерийлерін атап өтіп, баяндау және сипаттау деп екіге бөледі [8, 11–16-бб.]. Бірақ олардың арасындағы шекара әрдайым айқын бола бермейді. Поэзиядағы оқиғалар өзектілік, болжамсыздық, консекция, қайтымсыздық және қайталанбаушылық критерийлеріне сәйкес келуі керек.

Қазақ поэзиясындағы нарративтік идеяны тану үшін, өлең мәтініне терең үңілуіміз шарт. Ең алдымен, нарратология заңдылығына сәйкес, поэзия қай кезеңдегі тарихи оқиғадан хабар беретіндігін анықтау қажет. Кез келген поэзия нақты бір тарихи оқиғаның кезеңін білдіруі де немесе айтпауы да мүмкін. Мысал ретінде ақын Олжас Сүлейменовтің екі өлеңін салыстыра зерделеп қарайық.

«Адамға табын, жер, енді» өлеңінде 1961 жылғы Юрий Гагариннің ғарышқа ұшқан тарихи кезеңді суреттейді. Поэзия шумақтарында немесе бөлімдерінде оқиғаның байланысы шумақтар өлең құрылысымен сегментті байланыс тапқан. Олжас Сүлейменов – орыс тілді ақын. Поэманың түпнұсқасы орыс тілінде жазылғанымен, ақын Қадыр Мырза Әлі поэманы сәтті аударған.

#### **Түпнұсқада:**

*...Разгадай:*

*Почему люди тянутся к звездам!*

*Почему в наших песнях*

*Герой – это сокол!*

*Почему все прекрасное,*

*Что он создал,*

*Человек, помолчал.*

*Называет – Высоким! [8, 111-б.].*

#### **Аудармада:**

*... Неліктен Жуық жұлдыз ұран бізге?*

*Неліктен Жыр арқауы – қыран түзде?*

*Неліктен?*

*Сұлулықтың асқақ бәрі?*

*Неліктен?*

*Жауап бере жырауды ізде! [9, 126-б.].*

Өлең сюжетке құрылмағанымен, тарихи оқиғаға негізделген. Ақын әр тарауда тақырыпқа қатысты ойлар айтып, негізгі идеяны өлең құрылысына жүйелі сыйдыра білген.

**Түпнұсқада:**

*Поздравляй нас,  
Гагарин, С победою!  
Здорово! Все цветы!  
Все улыбки  
Растроганной милой Земли! [10, 123-б.]*

**Аудармада:**

*Құттықта, Гагарин дос,  
Мына бізді.  
Мына Күн, Мына аспанды,  
Даламызды!  
Тамаша гүл мұхиты,  
Шат күлкісі  
Көңілі босаған Жер – анамыздың [9, 142-б.]*

Ақын өлеңінің нарративтік идеясының түйінін соңғы шумақтан аңғаруға болады. «Құттықтау» сөзі арқылы қоғамда болған тарихи жаңалықтың сәтті орындалғанын байқатса, «Күн», «аспан», «дала», «мұхит» ұғымдары арқылы бұл жаңалықтың табиғатқа қатыстылығын білдірген. Осы түйін сөздер ақынның «Адамға табын, жер, енді» деген постулатты ойы мен идеясын дәлелдей түседі. Поэма атауы зерттеушілер арасында өлең дүниеге келген сәттен бастап, талас, әр жақты пікірлер тудырғаны белгілі. Бірақ бұл өлең арқылы ақын адам ойы мен қабілетінің табиғат алдындағы дәрменділігін емес, санасының қаншалықты дамығандығын көрсетуді негізгі идея ретінде алып отыр.

**Қорытынды**

Қорыта келгенде, нарративтік идеяны Олжас Сүлейменовтің өлеңдерін екі салаға жіктей отырып қарастырған жөн. Бірінші топқа – ақынның тарихи тақырыпқа жазылған шығармалары, екінші топқа ақынның лирикалық өлеңдерін алып қарастыру.

Нарратология структурализм мен рецептивті эстетика арасындағы аралық орынға ие. Нарративтік идея – бұл нарративті түсіндіруге бағытталған нарратордың адамдар мен өз айналасындағы оқиғалар тізбегіне берген пікірі. Поэзияда нарратив және баяндау мәтіні арасындағы шекаралар әрдайым нақты көрсетіле бермейді. Бірақ әрбір өлеңде статикалық әсер беретін сипаттамалық элементтер бар.



Нарратив – нарратор мен баяндалатын әлем арасындағы делдал болып табылады, яғни баяндау мәні арқылы туындының шындығын пайымдауға әкеледі. Автор қандай ойды жеткізгісі келгенін мәтіндегі нарраторлар арқылы оқырман талқысына ұсынады. Қорытынды идея «жасырын» болғанымен, оны оқырман тани алады. Автор өз шығармасында нарративтік идеяны ашық көрсетуі де, көрсетпеуі де мүмкін. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселе терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу көрсеткендей, соңғы онжылдықтарда белсенді дамып келе жатқан нарратив семантикалық процестердің динамикасын зерттеу әдістемесі ретінде маңызды әлеуетке ие. Бағыт 80-ші жылдардың аяғынан бастап дамып келе жатқанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін ол әлі де қалыптасу сатысында. Поэзиядағы нарративтік идея дискурсивті тәжірибелердің аясында әртүрлі пікірталас тудыруы мүмкін.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Томашевский, Б. В.** Теория литературы. Поэтика. – М. : Аспект пресс, 1996. – 240 с.

2 **Mc Hale, B.** Beginning to think about narrative in poetry. // Narrative. – 2009. – Vol. 17. – P. 12.

3 **Huisman, R., Murphet, J., Dunn, A.** Narrative and Media. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005.

4 **Hornby, A. S.** Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English / edited by Sally Wehmeier; phonetics editor Michael Ashby. – Oxford, 2000. – P. 846.

5 **Маслов, Е. С.** Что такое нарратив? – Казань, 2020. – 116 с.

6 **Татару, Л. В.** Нарративный анализ лирической поэзии. // Новый филологический вестник. – 2011. – № 4 (19).

7 **Шмидт, В.** Нарратология. – М. : Лабиринт : Языки славянской культуры, 2003. – С. 11–16.

8 **Сүлейменов, О. О.** Глиняная книга (поэма). – Алматы, 1969. – 252 с.

9 **Сүлейменов, О. О.** Атамекен. Өлеңдер мен поэма (қазақшаға аударған Қ. Мырза Әли). – Алматы, 1972. – 289 б.

10 **Сүлейменов, О. О.** Земля, поклонись человеку! – Алматы, 1967. – 48 с.

### References

1 **Tomashevsky, B. V.** Teoriya literatury. Poetika. [Theory literature. Poetics.] – Moscow : Aspect Press, 1996. – 240 p.

- 2 **Mc Hale, B.** Beginning to think about narrative in poetry // Narrative. 2009. – Vol. 17. – P. 12.
- 3 **Huisman, R., Murphet, J., Dunn, A.** Narrative and Media. – Cambridge : Cambridge University Press, 2005.
- 4 **Hornby, A. S.** Oxford Advanced Learner’s Dictionary of Current English / Edited by Sally Wehmeier; phonetics editor Michael Ashby. – Oxford, 2000. – P. 846.
- 5 **Maslov, E. S.** Chto takoye narrativ? [What is this narrative?]. – Kazan, 2020. – 116 p.
- 6 **Schmidt, V.** Narratologiya [Narratology]. – Moskow : Yazyki slavyanskoj kul’tury, 2003. – P. 312.
- 7 **Tataru, L. V.** Narrativnyy analiz liricheskoy poezii [Narrative analysis of lyrical poetry] Novyy filologicheskij vestnik. 2011 – №4 (19).
- 8 **Suleimenov, O. O.** Glinyanaya kniga (poema) [Earthenware book (poem)]. – Almaty, 1969. – 252 PP.
- 9 **Suleimenov, O. O.** Atameken. Poema (qazaqshaga audargan Q. Myrza Ali) [Motherland. Poems (translated into Kazakh by K. Mirza Ali)] – Almaty, 1972, – 289 s.
- 10 **Suleimenov, O. O.** Zemlya, poklonis’ cheloveku! [Earth, bowed to the people!] – Almaty, 1967. – 48 p.

11.05.22 ж. баспаға түсті.

12.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Г. А. Абылкасимова

Алихан Бокейхан университет,  
Республика Казахстан, г. Семей.  
Поступило в редакцию 11.05.22.  
Поступило с исправлениями 12.12.23.  
Принято в печать 25.02.24.

## НАРРАТИВНАЯ ИДЕЯ В ПОЭЗИИ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

*Изучение направления «нарратология» в области литературы является одной из актуальных проблем сегодняшнего дня. Поскольку способ повествования в литературном произведении задается через сюжет, в прозаическом жанре часто используется метод нарративного анализа. Так как структура поэзии отличается от*

*прозы, автор стремился выяснить соотношение между направлением повествования и поэзией.*

*В статье автор систематизирует период возникновения и развития научного термина на основе теоретических выводов, а основные категории нарратива основывает на нарративной типологии.*

*В статье обобщаются определения и выводы, данные о науке нарратологии, а также показываются различные способы распознавания нарративной идеи в жанре поэзии.*

*В работе автора представлена система, которую можно использовать для распознавания нарративных идей в поэзии поэта, общественного деятеля Олжаса Сулейменова. Автор делает акцент на логической связи повествовательной идеи и структурных особенностей в тексте стихотворения. Также приводит примеры и доказательства из поэзии поэта.*

*В заключительной части автор приходит к выводу, что «нарратив является посредником между нарратором и рассказываемым миром, то есть ведет к восприятию истинности произведения через смысл повествования».*

*Результаты исследования могут быть использованы в исследованиях по направлениям «Современная казахская литература», «История казахской литературы», «Литературоведение».*

*Ключевые слова: нарратив, нарративная идея, нарратор, сюжет, фабула, поэзия, структура стихотворения, поэзия*

*\*G. A. Abylkasimova*

*Alikhan Bokeykhan University,  
Republic of Kazakhstan, Semey.*

*Received 11.02.22.*

*Received in revised form 12.12.23.*

*Accepted for publication 25.00.24.*

## **NARRATIVE IDEA IN THE POETRY OF O. SULEIMENOV**

*The study of the direction of «narratology» in the field of literature is one of the pressing problems of today. This field is extensively utilized across many different scientific disciplines. The need for improvement in this area is pressing. The method of analyzing the narrative in a literary work, often referred to as narrative analysis, is commonly utilized in prose literature. This is because the manner of storytelling in a literary piece*

*is established through its plot. The author is aimed to understand the connection between the narrative and poetry, as the structure of poetry is distinct from that of prose.*

*In the article, the author systematically categorizes the period of emergence and development of the scientific term by relying on theoretical deductions. The central categories of the narrative are found on a narrative typology.*

*The article provides an overview of the definitions and conclusions drawn from the field of narratology and demonstrates various approaches to recognizing the narrative theme in poetry as a genre.*

*A system for recognizing the narrative themes in the poetry of poet and public figure Olzhas Suleymenov is presented. The emphasis is placed on the logical correlation between the narrative theme and the structural elements in the poet's text. Examples from the poet's works are provided along with supporting evidence.*

*In the final part, the author comes to the conclusion that «the narrative is an intermediary between the narrator and the world being told, that is, it leads to the perception of the truth of the work through the meaning of the narrative».*

*The results of the study can be used in studies in the areas of «Modern Kazakh literature», «History of Kazakh literature», «Literary criticism».*

*Keywords: narrative, narrative idea, narrator, plot, fable, poem, poem structure, poet.*

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz